**Бекітемін** **Мырзағалиева.С.Т**

**Мектеп директорының оқу- ісі жөніндегі орынбасары**

**Білім беру ұйымы:** Ғ.Мәсәлімов орта мектебі

**Топ:** Мектепалды сынып

**Балалардың жасы:** 5 жастағы балалар

***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 23.01—27.01.2023ж

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы IV апта**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 23.01.2023** | **Сейсенбі 24.01.2023** | **Сәрсенбі 25.01.2023** | **Бейсенбі 26.01.2023** | **Жұма 27.01.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың көңіл-күйін бақылау,дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени-гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Тәрбиешінің балалармен қарым- қатынасы: үлкендердің еңбегі туралы түсініктерін қалыптастыру , ата-аналармен , балалармен әңгімелесу, қарым – қатынас және көтеріңкі көңіл- күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Тәрбиешінің балалармен қарым- қатынасы: балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру , ата-аналармен , балалармен әңгімелесу, қарым – қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Қайырлы күн! Сазды әуенмен қабылдау **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Бала тәрбиесі жайлы. Үйде бала тәрбиесіне ырым-тыйымдарды қолданасыз ба? Ата-аналармен ашық әңгіме.<br>Ата-аналарға балаларымен бірге қыс мезгілінің суретін салуды айту.<br>Ата-аналарға балалардың жасаған шығармашылық жұмыстарымен таныстыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстел үсті ойындары:** Мен әдемі сурет сала аламын және мүсіндеймін. Балалар орталықтарға бөлініп жұмыстарын жасайды. **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | **Дидактикалық ойын «Қарлы сөздер»** **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорларын дамыту. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілі ерекшеліктерін айту. **Ойын шарты:** Бастаушы сөйлемді өзі бастап береді: -Қар қандай? (суық,ақ,жеңіл.....) -Қар неге ұқсайды? (мақта,қант,балмұздақ... -Қарлы сөздерді ата? **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Дидактикалық ойын «Вагондарға дөңгелек таңдау»** **Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның барысы: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады. **(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** | Құрастыру жұмыстары. Алдарына құрастыруға арналған қиындылар беріледі.Сол қиындыларды үйлестіріп құрастырады. **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | **Дидактикалық ойын «Қайда мекендейді?»** **Мақсаты:** Үй жанууарлары мен жабайы жанууарлар туралы білімдерін бекіту. Жанууарларды үй және дала жанууарлары деп ажырата білуге үйрету. **Ойын шарты:**Балалар орман мен үйдің суретіне жанууарларды ажыратып, атап қыстырғышпен орналастырады. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қаңтар айы** ( 2 – комплекс )( III – IV апта )<br>1.Жұптасып тізбекте жүру, жүгіру.<br>2. Звеноға бөлініп тұру.<br>3. Б.Қ. Аяқ ұшын ашып, өкшені қосып тұру. Қолды жанынан жоғары оң қолға кішкентай допты ұстап тұру. Қолды жанынан жоғары көтеру, оң қолдан сол қолға допты алмастыру. Қолды жанынан төмен түсіру. 6-8 рет қайталау<br>4.Б.қ. аяқ арасын алшақ ашып тұру, доп оң қолда. Оң аяқты тізеден бүгіп көтеру, аяқ астынан допты оң қолдан сол қолға алмастыру. Б.қ. келу, сол жақта орындау. 6 рет қайталау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5.Б.Қ. аяқты алшақ ашып тұру, доп оң қолда, қолды алға созып отыру, бір қолдан екінші қолға алмастыру. 5-6 рет қайталау.<br>6. Б.Қ. тізерлеп өкшеге отыру, доп оң қолда. Допты жермен өзінен ары қарай домалату. Б.қ. 6-8 рет қайталау.<br>7.Б.Қ. аяқты қосып созып жіберіп отыру. Доп аяқ арасында қысылып ұсталған, қолды артқа тіреп ұстау, түзу аяқта допты түсіріп алмай жоғары көтеру,б.қ. келу, 6-8 рет қайталау.<br>8.Аяқты қосып, допты қос қолмен төмен ұстап тұру, жоғары лақтырып қағып алу.6-8 рет қайталау.<br>9.Б.Қ. доп оң қолда. Аяқты қосып тұру. Оң және сол аяқпен секіру оңға солға тәрбиешінің санауымен бұрылып секіру.<br>10.Жүру. Майда қадамдап жүру. Бір айдың 1-2 аптасында демалыс берілетіндігін гимнастика комплексінің біреуі ғана жоспарланады.<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)**<br>**(физикалық дамыту, шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту))** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Ойын – жаттығу**<br>Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Саусақтармен ойнаңдар,<br>Қолдарыңды сермеңдер.<br>Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын.<br>**(физикалық дамыту)** | **Шаттық шеңбер**<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Спорт сенің серігің-<br>Жанға дауа, қолға күш.<br>Сергітетін адамды-<br>Қимыл менен қозғалыс.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Балалар,<br>Алақанымызды ашайық.<br>Күннің нұрын салайық.<br>Таза ауада алайық,<br>Жүрек жылуын салайық.<br>Мейірімділік шоғын салайық,<br>Жиналған жылы шуақты<br>Бір-бірімізге шашайық!<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Таңертең тұрып шынығамыз,<br>Еңбек етіп тынығамыз.<br>Ешбір жалқау болмаймыз,<br>Ауырмаймыз сонда біз.<br>Қыста коньки тебеміз,<br>Көктемде ағаш егеміз.<br>Жазда суға шомылып,<br>Күзде алма тереміз.<br>**(коммуникативтік дағдыларды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **дамыту, физикалық дамыту)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дидактикалық ойын: «Сөйлем сызбасына қарап сөйлем құра»**<br>**Мақсаты:**берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері )**<br>**Ойын шарты:**<br>Балаларға бір сөз айтады. Тақтадағы сызба бойынша сол сөзге сөйлем құрайды.Кім көп сөз ойлап тапса сол жеңімпаз атанып, марапатталады.<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Қандай ертегінің суреті?»**<br>**Мақсаты:**Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.<br>**(коммуникативтік** | **Дидактикалық ойын: «Қарлы сөздер»**<br>**Мақсаты:**Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сөйлеуді дамыту)**<br>**Ойын шарты:** Бастаушы сөйлемді өзі бастап береді:<br>-Қар қандай?<br>(суық,ақ,жеңіл.....)<br>-Қар неге ұқсайды?<br>(мақта,қант,балмұздақ...<br>-Қарлы сөздерді ата?<br>(аққала, жел, қырау, боран........)<br>Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>***Жұмбақ жасыру:***<br>Адамдардың бәрі қызығады,<br>Су құймасаң сәні бұзылады.<br>Бұл не?<br>**Мақсаты:**өсімдіктердің өсуі | **Дидактикалық ойын: «Сөйлемді өзің құрастыр»**<br>**Мақсаты:**сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері)**<br>**Шарты:** Педагог балаларға бірнеше сөзден сөйлем құрастыруға тапсырма береді. Құрастырған сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтайды.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Сөз қос»**<br>**Мақсаты:** Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**коммуникативтік дағдыларды дамыту, қазақ тілі)**<br>**Ойын шарты:**балаларды екі топқа бөлік өткізуге болады.Тәрбиеші сөз | **Дидактикалық ойын: «Менің сүйікті ертегім»**<br>**Мақсаты:**Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айтуға дағдыландыру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сөйлеуді дамыту)**<br>**Ойын шарты:** сурет бойынша ертегілердің аттары мен мазмұнын айту.<br>**2)Шарты:** педагог балаларға қазақтың халық ертегілерінде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Мысалы: хан, уәзір, қарға, кірпі, т.б. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа ер - тегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі құрастырады. Ең қызықты ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып, ойынды жалғастырады.<br><br>**Дидактикалық ойын:** | **Дидактикалық ойын: «Тәулік бөліктері»**<br>**Мақсаты:**<br>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең») түсінік қалыптастыру.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері)**<br>**Ойын шарты:**Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кім көп айтады?»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дағдыларды дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Ойын шарты:** Ертегілердің суреттері көрсетіледі, балалар суреттерге қарап қандай ертегігі келетінің тауып айту керек.<br>«Мақтақыз бен мысық»<br>«Алма»В. Сутеев<br>«Қолғап»<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Неге ұқсайды»**<br>**Мақсаты:**Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері)**<br>**Ойын шарты:**Тәрбиеші кез-келген бір затты атайды. Балалар сол заттың қай геометриялық пішінге | үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігіменқоректенеді. (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны,тұқымдарыменетпен, жәндіктермен)<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру,қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Табиғат бұрышына саяхат. Топтағы гүлдермен таныстыру. Міне, мынау – қазтамақ деп аталатын гүл. Бөлме гүлі. Оның жапырақтарының лимонға ұқсайтын күшті, жұпар иісі бар. Ақшыл көк, күлгін түсті майда гүлдері болады. Кактус. Кактуста күлтенің орнында инелер болады. Мынау – фикус деп аталатын гүл Оның сопақша пішіндес, үлкен жылтыраған жапырақтары болады. Ауадағы шаңды, адамның қобалжуын, ашуын, көңілсіздігінен арылтады. Жапырақтары арқылы бөлме ішін шаң-тозаңнан сақтайды.<br>**Пед жет ойын «Гүлге не қажет?»** | айтады,балалар сөзге сөз қосып,сөйлем құрайды.Мысалы: Доп Балалар доппен ойнағанды жақсы көреді.<br><br>**Дидактикалық ойын: Ойыншықты тап»**<br>**Мақсаты:** Қозғалыс бағыттары: алға, артқа бағдарлауға баулу.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері)**<br>**Ойын шарты:** Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиеші нұсқауымен, мысалы: 3 адым алдыға оңға бұрыл, 1 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, ойыншықты табады.<br><br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту,** | **«Кім зейінді?»**<br>**Мақсаты:** Сөйлемді ауызша талдауға баулу.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері)**<br>**Ойын шарты:**Балалар сызба бойынша сөйлем құрайды. Сөйлем неше сөзден құралып тұр? (аз сөйлем немесе көп сөйлем т.б<br><br>**Видеоролик көру**<br>**Мақсаты:** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін білу, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды жетілдіру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру,қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Есте сақта!**<br>Жүріп бара жатқан автобус не маршруттық таксиде барлық кезде тұтқадан ұстап тұр.<br>Ролик, велосипед және скейтборд тепкенде мұқият және абай бол. | **Мақсаты:**шығармашыны рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, қазақ тілі)**<br>**Ойын шарты:ертегіге байланыстырып сұрақтар қойылады.**<br>Қыздардың аты кім?»<br>Олар не істеді?<br>Өрік ағашын кім сындырды?<br>Гүлмира мен Арай қандай іс жасады? Т.б<br><br>**Дидактикалықойын: «Бұл қай ертегінің кейіпкері»**<br>**Мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұқсайтынын атайды.<br>Мысалы тәрбиеші: -<br>доп?<br>Бала: - дөңгелек.<br>Есік – тіктөртбұрыш.<br>Қай бала немесе қай қатар көп ұпай жинаса солар жеңеді. Ойын қызықты болу үшін сөзді, жауапты тездетіп шапшаң айтукерек.<br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту, музыка)**<br>(маман жоспары бойынша) | Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту.<br>Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. | **музыка)**<br>(маман жоспары бойынша) | Жолдың арғы бетіне тек бағдаршам тұрған немесе жаяу жүргінші өтетін жерден өт.<br>Тек қана бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана жолдан өт.<br>Жүріп бара жатқан көлік алдынан кесіп өтпе.<br>Жолдың көлік жүретін бөлігінде ойнама.<br>Егер жаяу жүргінші жүретін жол жоқ болса, онда көлік қозғалысына қарама- қарсы жолдың оң жағымен жүр.<br><br>**(физикалық дамыту,дене шынықтыру)**<br>(маман жоспары бойынша) | Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрациялар ына аудару.<br>**(коммуникатив тік дағдыларды дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Ойын шарты:** Қоржынға балаларға таныс ертегілер кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтары салынады. Тәрбиешінің ұсынысымен бір бала шығап коржын ішінен бір ойыншықты алып: бұл қандай жануар? Қандай ертегіде кездеседі? Ол не істейді? Ол қандай?<br>**Мысалы:** Қоян ойыншығын алып: Мынау қоян. Қоян ақ, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту, сурет мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br><br>**(физикалық дамыту,дене шынықтыру)**<br>(маман жоспары бойынша) | | | Түлкімен қоян ертегісінде кездеседі.<br><br>**(физикалық дамыту,дене шынықтыру)**<br>(маман жоспары бойынша) |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. . | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №1**<br>**Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>**Мақсаты:**Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктері қалыптасып, (күн қысқарады, түн ұзарады);<br>қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба біледі.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жұмбақ**<br>Аяз қысып,<br>Өрнек сызып,<br>Терезені торлайды.<br>Қарға омбығып,<br>Бет домбығып, | **Серуен №5**<br>**Ауа-райын бақылау**<br>**Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі ауа райындағы өзгерістермен таныстыру. Жансыз табиғатта балаларға қыс жөніндегі өзгеріс туралы түсінігін қалыптастыру.Қыс табиғатының әсемдігіне, сүйіспеншілікке тәрбиелеуге талаптандыру.<br>**Бақылау барысы:** | **Серуен №9**<br>**Желді бақылау**<br>**Мақсаты:** Өлі табиғат туралы білімдері байып, табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтары қалыптасады.<br>**Бақылау барысы**<br>**Баларға сұрақтар:**<br>Бүгін ауа райы қандай?<br>(суық, желді, аязды)<br>Қыс мезгілінде желді қалай атайды?<br>(боран,үскірік)<br>Бүгін жел қай жақтансоғып тұр? Оны | **Серуен №14**<br>**Бұрқасынды бақылау**<br>**Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі табиғаттағы құбылыстарды айта отырып, бұрқасын туралы түсініктері қалыптасады.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жұмбақ шешу:**<br>Аяз қысып,<br>Өрнек сызып,<br>Терезені торлайды.<br>Қарға омбығып,<br>Бет домбығып,<br>Сырғанап | **Серуен 19**<br>**Адам таситын көліктерді бақылау**<br>**Мақсаты:** Адам таситын көліктерді бақылап, қандай пайдасы барын біледі.<br>**Бақылау барысы**<br>Оларға автобустың арнайы тротуарға жақын аялдамаға тоқтайтынын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айналғаннан кейін тәрбиеші айтады: «Жел өзгерді,қарлар басқа бағытқа ұша бастады.» Балалар тоқтап кері қарай жай жүреді және қаттырақ, ақырында жүгіреді.Бірнеше рет айналған соң тәрбиеші: «Жел басылды, қарлар жерге жаймен жауып жатыр.»Қарлы әткеншектің қимылдары жайлап балалар тоқтап қолдарын жібереді. Кішкене дем алғаннан кейін ойын қайталанады.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>Елемейді ешкімде,<br>Суық пенен боранды.<br>Күні бойы тынбайды,<br>Суығына тоңбайды.<br>**Дербес әрекет:**<br>Бір аяқпен секіру.<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға қалыптасады. | лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылғанбағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді.Ойын шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>**Жеке баламен жұмыс: Жаңылтпаш**<br>Қыс қыспаса қыс па,<br>Құс ұшпаса құс па?<br>**Дербес әрекет:**<br>Әр балаға оны қызықтыратын ісімен айналысуға | алайық.<br>Қоян:Жалмандаған қу түлкі,келіп қапты орманнан.<br>Көжектерім қайда?- деп,еріп келеді соңымнан.<br>Көжектер ән ырғағымен секіріп,қаша жөнеледі,түлкі қуады.<br>**Жеке баламен жұмыс: «Затты тап»**<br>**Мақсаты:** Балабақша ауласын бағдарлай біледі, затты сипаттау бойынша табады.<br>**Дербес әрекет:** Ойын түрін анықтау арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетін анықтау.Ойын әркеттерін қалыптастыру және дамыту белсенділіктеріне тәрбиелеу. | рөлін ойнайтын бала таңдалады.Қалған ойыншылар- «тышқан» болады. Мысық серуендеп жүргенде, тышқандар үйшікте отырады. Ал мысық ұйықтаған кезде,тышқандар серуенге шығады.Тышқандар ойын алаңында еркін ойнап жүреді. Осы уақытта мысық оянып, мяулап тышқандарды ұстайды. Тышқандар үйшіктеріне қашады.<br>**Жеке баламен жұмыс: Мақал**<br>Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды.<br>**Дербес әрекет:**<br>Бала қоғамы өмірінің ұйымдастыру формасы ретіндеойынды дамытуына, біркалыпты балалық ойын бірлестігінің пайда болуына, балалардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыру. | жүргізушінің көрсетуіне болады. Ол ысқырып, жолға шығады. Балалар қолдарын бүгеді. Ысқырықты бейнелеп, олар ең алдымен ақырын қозғалып, кейін жылдамдықтарын үдетеді. Жүргізушінің « Поезд станцияға келді» деген сөзінен кейін балалар жүрістерін ақырындатып, «келді» деп айтқанға дейін артқа қарай жүреді.<br>**Жекебаламен жұмыс:**<br>«Ойлан, тап, ата!»<br>Машинаның құрылысы туралы білімдерін жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мүмкіншілік беру. | | | Балаларды машинаның негізгі бөлшектерін (двигатель, кузов, кабина, дөңгелек рамалары), кабина құрылғыларын (руль, құралдар, орындық, әйнек) атай білуге үйрету. **Дербес әрекет:** Балаларды ойынға керекті құрылыс заттарын жасауға үйрету(үй, пароход және т.б.) Ойынның мазмұны мен тақырыптарын кеңейту және дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сырғанап балалар ойнайды.<br>Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан да қысты «тұнжыр қыс деп атайды». Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады.<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>♦желтоқсан айы қай айдан соң келеді?<br>♦қараша айына қарағанда балабақша ауласында қандай өзгерістер болды?<br>Күз мезгілімен салыстырғанда адамдар киімінде қандай өзгерістер пайда болды?<br>Біздің ауладан қыс белгілерін іздеп табыңдар?<br>**Табиғаттағы еңбек:** Ағаштар түбін қармен көму.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: «Қарлы әткеншек»**<br>**Мақсаты:** балаларды әрбір ортаға бейімделуге жаттықтыру.<br>**Ойын шарты:** Балалар аққаланың жанында қолдарынан ұстап шеңбер болып тұрады.Тәрбиешінің белгісімен балалар жай, одан кейін каттырақ, ақырында жүгіреді.Балалар бірнеше рет | Желтоқсанда ең қысқа күн, күннің көзі сирек қонақ, ауа-райы бұлыңғыр, жиі қар жауады, бірақ ол ерімейді. Бірақ қар терең емес, одан түскен жапырақтар және құрғақ өсімдіктер көрінеді. Ауаның температурасы нөлден төмен.<br>**Табиғаттағы еңбек:**Қардан демалыс орнын тазарту.<br>Тапсырма. Балаларға қар бетінде жүріп өтуді және аяқ астында қалай сықырлайтынын тыңдауды ұсыну.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: «Ақсүйек»**<br>**Мақсаты:** Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйренеді.<br>**Ойын шарты:** Ойынға катысушы балалар бір қатарға тұрады.<br>Тәрбиеші аксүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа | қалай анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен)<br>Жел қалай пайда болады?<br>**Тәрбиеші түсіндіреді:**<br>Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Сырғанақ төбешік соғу.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: «Көжектер мен түлкі»**<br>**Мақсаты:** балаларды шапшандыққа,ұйымшылдыққа үйренеді.<br>**Ойын шарты:** Бір бала түлкі болып сайланады,қалған балалар көжек бет пердесін киіп,дөңгелене отырады.<br>Ойын жүргізуші:Көжектерім тұршы,беттеріңді жушы<br>Ну орманға барайық,тамақтанып | балаларойнайды. /Қыс/<br>Қыста ғана болады, ұстасаң қолың тоңады. (қар)<br>Тісі жоқ тістеп алады, Қолы жоқ сурет салады. (аяз)<br>Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып әрбір жерде карлы бұрқасын соғады. Егер қар құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын болып аталады.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Балаларды бала-бақша ауласындағы телімдерде жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету.Телімдегі тәртіп пен тазалықтан разылық сезімін қалыптастыру.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: «Мысық пен тышқан»**<br>**Мақсаты:** балалардың ептіліктерін, шапшаңдықтарын дамыту.<br>**Ойын шарты:** Мысық | түсінеді.<br>Адамдар көлікті арнайы аланда күтеді, егер алаң болмаса-онда тротуарда күтуі керекекенін біледі.Көлікке міну және түсу тек қана аялдамада рұқсат етілетінін түсінеді.<br>**Табиғаттағы еңбек:** «Қардан сырғанайтын тау жасау»<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: «Поезд»**<br>**Мақсаты:**<br>бірінің-артына бірі тұрады, дыбысқа жауап береді.<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар бірінің артына бірі тұрады. Алдында тұрған бала паравоз болады. Бұл ролді ең бірінші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(коммуникативтік дағдыларды дамыту, дербес ойын әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Ортақ әңгіме» ойыны**<br>**Мақсаты:** топ мүшелерінің логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Бәрі шеңбер бойымен отырады. Біреуі қандай да бір тақырыпта әңгіме бастайды (мысалы ертегі), бірақ тек бірінші сөйлемін ғана айтады.Жанында отырған қатысушы екінші сөйлемін, оның жанында отырған үшінші сөйлемін және т.с.с. шеңбер бойымен орындалады.**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **«Сөйлемді аяқта»**<br>**Мақсаты:**Балаларды құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>**Ойын шарты:**Тәрбиеші сөйлемді бастайды, мысалы, «Менің жылы тонды киген, себебім…» – балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: «… жылы болу үшін … тоңбау үшін» және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **«Кім көп біледі?»**<br>**Ойын шарты:** Тәрбиеші балалардан:<br>Менің қолымда стакан. Кім айтады, оны қалай және не үшін пайдалануға болады? – деп сұрайды.<br>Балалар:<br>Шай ішу үшін, гүлді суғару үшін, қарындашты салу үшін, күрішті өлшеу үшін, – деп жауап береді.<br>Ал енді ойнаймыз. Мен әр түрлі заттарды атаймын, сендер олармен не істеуге болатынын айтасыңдар **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Табиғи материалдармен жұмыс:** шемішке, орех қабығы,жапырақтар.<br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | **«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»**<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.<br>Көрнекілік: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.<br>**Ойын шарты:**Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауды жетілдіру. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Геометриялық пішіндерді ажыратуды, атауды жалғастыру. **(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері)** | Сурет салуда әртүрлі техникасын қолдануды үйрету. **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | Екі дөңгелекті велосипед, самокат тебуді жаластыру. **(физикалық дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Сау болыңыздар! **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Ата-анаға: балаға жиі қазақтың ертегілерін оқып беуге ұсыныс айту. Қайырлы кеш! **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Қош, сау болыңдар! **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Ата-аналарға балалардың жасаған шығармашылық жұмыстарымен таныстыру. Сау болыңдар, балалар! **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Ата-аналарға А вирустық геапатит аурудың алдын алу жөнінде кеңесі (медбике) Көріскенше балалар! **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |